



ОРНЫҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫ – ҚАЗАҚСТАН КӨРСЕТКІШТЕРІ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ 2025 ЖЫЛҒЫ
ҮШІНШІ ЕРІКТІ ҰЛТТЫҚ ШОЛУЫНА

СТАТИСТИКАЛЫҚ ҚОСЫМША



МАЗМҰНЫ

1.	АЛҒЫСӨЗ	4
2.	«ЕШКІМДІ ШЕТТЕ ҚАЛДЫРМАУ»	6
3.	ҚАЗАҚСТАҢДАҒЫ 8 БАСЫМ ОДМ БОЙЫНША КӨРСЕТКІШТЕР	12
4.	ҚОРЫТЫНДЫ ЖӘНЕ АЛДАҒЫ ҚАДАМДАР	38

1. КІРІСПЕ

2015 жылғы қыркүйекте 2030 жылға дейінгі Жаһандық күн тәртібі қабылданған сәттен бастап, әлемдік статистикалық қоғамдастық, оның ішінде Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы (ҰСБ) Орнықты даму мақсаттарының (ОДМ) жаһандық көрсеткіштерін ұлттық деңгейде бейімдеу (ұлттық меншігіне алу) бойынша белсенді жұмысын бастады.

Қазақстан ОДМ көрсеткіштері бойынша 2017 жылдан бастап бірнеше кезеңдік ұлттық консультациялар жүргізді. 2020 және 2024 жылдардағы ОДМ көрсеткіштерінің БҰҰ-ның жаһандық қайта қаралуына сәйкес **ұлттық көрсеткіштер жүйесі екі рет жаңартылды.**


ОДМ жаһандық көрсеткіштерін Қазақстанда бейімдеу (ұлттық меншігіне алу) үдерісі бірқатар ерекшеліктер мен қиындықтарға ие болып, ұзақ уақытты талап етті. ҰСБ 2016 жылы БҰҰ ЕЭК үлгісіне сәйкес ОДМ жаһандық көрсеткіштерінің болуына қатысты өзіндік бағалау жүргізді. Нәтижесінде көрсеткіштердің үштен екісі басқа мемлекеттік органдардың құзыретіне жататыны және ұлттық статистикалық жүйеден (ҰСЖ) тыс екені анықталды. Бұл мәселені шешу үшін барлық мүдделі **мемлекеттік органдар, азаматтық қоғам және халықаралық ұйымдар** өкілдерінің қатысуымен **ОДМ мониторингтеу мәселелері жөніндегі Ведомствоаралық жұмыс тобы құрылды.**

2018 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің ОДМ бойынша үйлестіру кеңесінің құрылуынан кейін ОДМ жаһандық көрсеткіштерін бейімдеу жұмысы жалғастырылды. 2019 жылы келісілген ұлттық көрсеткіштер жиынтығы негізінде алғашқы Ерікті ұлттық шолу және Статистикалық қосымша дайындалды.


2020 жылы ОДМ ұлттық көрсеткіштер жүйесі БҰҰ деңгейіндегі жаһандық қайта қарауға сәйкес жаңартылды, сондай-ақ олар саяси шаралар қабылдауға басымдыққа байланысты және мемлекеттік жоспарлау жүйесіне (МЖЖ) мақсатты индикатор ретінде енгізілуіне қарай жіктелді (өзекті индикаторлар – МЖЖ-ге енгізуді талап етеді, мониторинг үшін – енгізуді талап етпейді, тек мониторинг жүргізу жеткілікті). Жоқ көрсеткіштерге «кейінге қалдырылған» мәртебесі берілді, ал «сәйкес келмейтін» жаһандық көрсеткіштер бөлек бөлінді.

Мазмұнына байланысты көрсеткіштер жаһандық көрсеткіштермен сәйкестік деңгейіне қарай да жіктелді (толық немесе ішінара сәйкес, баламалы (прокси) көрсеткіш немесе қосымша ұлттық көрсеткіш). 262 көрсеткіштен тұратын бұл ұлттық жиынтық 2021 жылғы наурызда ОДМ бойынша Үйлестіру кеңесінің кезекті отырысының Хаттамасымен мақұлданды.

2021




- Өзекті
- Мониторинг үшін
- Кейінге қалдырылған



- Жаһандық
- Жаһандық өзгерістермен
- Балама
- Қосымша ұлттық

2024 жылы ОДМ-ды іске асыруды мониторингтеу жөніндегі Парламенттік комиссияның ұсынымы бойынша ҰСБ Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігімен, ҚР ҰЭМ «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ-мен (ОДМ Хатшылығы) және барлық мүдделі тараптармен бірлесе отырып, ОДМ-ның ұлттық көрсеткіштер жүйесін қайта қараудың кезекті кезеңін өткізді. Бұл жұмыс ОДМ-ға қол жеткізу бойынша күш-жігерді оңтайландыру мақсатында жүргізілді. Айта кету керек, бұрын «кейінге қалдырылған» көрсеткіштердің шамамен жартысы енгізілді, ал қалғандары одан әрі пысықтаудың орынсыздығына байланысты ұлттық көрсеткіштер жүйесінен алынып тасталды. Сондай-ақ, COVID-19 пандемиясынан кейінгі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың өзгеруіне байланысты бірқатар көрсеткіштердің мәртебесі қайта қаралды.

Осылайша, ОДМ ұлттық көрсеткіштер жүйесі 200 көрсеткішке дейін оңтайландырылып, 2024 жылғы қазан айында ОДМ жөніндегі Үйлестіру кеңесінің кезекті отырысында мақұлданды.



Еуропалық статистиктер конференциясының (ЕСК) ұлттық статистика органдарына (ҰСО) арналған ұсынымдарын ескере отырып, ҰСБ-ның ОДМ көрсеткіштерін жинау және жаһандық деңгейге ұсыну бойынша үйлестіруші ретіндегі нақты мандаты бар екенін атап өткен жөн. Бұл мандат ұсынылған деректердің сапасын бағалауды да қамтиды. Осы рөлді атқару шеңберінде Бюро басқа ұлттық дерек көздерімен және жауапты агенттіктермен (кастодиан агенттіктермен) ынтымақтастық жұмыстарын жүргізуде.

Басқа дерек өндірушілерден деректер жинау барысында, мүмкіндігінше және сараптамалық білім болған жағдайда, ҰСО деректерді валидациялау және бақылау жұмыстарын жүргізіп, оларды кастодиан агенттіктерге жібермес бұрын тексереді. Егер ОДМ көрсеткіштері бойынша әдістемелік мәселелер туындаса, ҰСБ кастодиан агенттіктермен бірлесіп кеңес беру кездесулерін және оқыту тренингтерін ұйымдастырады.

2019 жылдан бастап, келіп түскен сұраныстарға сәйкес, ЮНЕП, БҰҰДБ, ФАО, БҰҰ-Хабитат, ДДСҰ, ЮНКТАД және басқа да кастодиан агенттіктерінің қолдауымен ОДМ №6 көрсеткішінің әдістемесі бойынша, сондай-ақ ОДМ №2, 3, 4, 11, 12, 14, 16, 17 көрсеткіштері бойынша бірқатар іс-шаралар өткізілді.

Дүниежүзілік банк, Ұлыбританияның Ұлттық статистика қызметі (ONS) және БҰҰДБ қолдауымен Қазақстан ОДМ бойынша есептіліктің Ұлттық платформасын жасап, GitHub платформасы негізінде ашық кодпен қолдап келеді. Бұл платформада 2010 жылдан бастап динамикадағы деректер SDMX форматында жарияланып, БҰҰ-ның деректерді тарату қағидаттарына сай ұсынылған.

Бүгінгі таңда Қазақстан екі Ерікті ұлттық шолу ұсынды – 2019 және 2022 жылдары. Бұл шолулар ОДМ ұлттық көрсеткіштер жүйесі негізінде әзірленген Статистикалық қосымшаны қамтыды.

Осы Статистикалық қосымша Қазақстанның үшінші Ерікті ұлттық шолуына арналып дайындалды және мұнда 2015 жылдан бергі динамикадағы 8 басым ОДМ бойынша ақпарат қамтылған. Сондай-ақ халықтың ең осал санаттары бойынша талдау келтірілген. Бұл талдау 2024 жылғы Көпкөрсеткішті кластерлік зерттеудің (MICS) деректері негізінде 2015 және 2010 жылдардағы алдыңғы кезеңдермен салыстырыла отырып жасалған.

Әрбір ОДМ көрсеткіші бойынша толығырақ ақпаратты ОДМ бойынша есептіліктің Ұлттық платформасынан таба аласыз: <https://kazstat.github.io/sdg-sitekazstat/>

Сондай-ақ бұл ақпарат Қазақстан Республикасы СЖРА Ұлттық статистика бюросының ресми интернет-ресурсындағы «Орнықты даму мақсаттары» бөлімінде қолжетімді:

<https://stat.gov.kz/ru/sustainable-development-goals/goal/>

2030 жылға дейінгі Күн тәртібі шолулардың «нақты деректер мен елдер жетекшілік ететін бағалауларға негізделуін, сондай-ақ олар сапалы, қолжетімді, уақтылы, сенімді және табыс деңгейі, жынысы, жасы, нәсілі, этностық тегі, миграциялық мәртебесі, мүгедектігі, географиялық орналасуы және ұлттық жағдайларға сай келетін басқа да сипаттамалар бойынша бөлінуін» талап етеді.

2. «ЕШКІМДІ ШЕТТЕ ҚАЛДЫРМАУ»

«Ешкімді шетте қалдырмау» (Leave No One Behind – LNOB) қағидаты – 2030 жылға дейінгі Орнықты даму саласындағы күн тәртібінің және оның 17 Орнықты даму мақсатының (ОДМ) негізін қалаушы әрі анықтаушы қағидат болып табылады.

Бұл қағидат тұрақты дамуға қол жеткізу үшін бірде-бір адам немесе халық тобы даму үдерісінен тыс қалмауы тиіс екенін білдіреді. Ол барлық елдер мен қауымдастықтарды ең осал, кедей және шеттетілген халық топтарына назар аударуға және оларға көмек көрсетуге шақырады, себебі бұл топтар дәстүрлі түрде назардан тыс қалып келген немесе даму үдерісінен шеттетілген.

ҚАЗАҚСТАН КӨРСЕТКІШТЕРІ

«Ешкімді шетте қалдырмау» қағидатын іске асыру статистикамен және деректерді дезагрегациялау (жіктеу) үдерісімен тығыз байланысты. Кімнің «артта қалып жатқанын» анықтау үшін сапалы, уақтылы және дезагрегацияланған деректер қажет. Бұл жалпы көрсеткіштермен қатар, деректерді жынысы, жасы, географиялық орны, мүгедектігі, этностық тегі, табыс деңгейі және басқа да өзекті сипаттамалар бойынша бөле отырып жинауды және талдауды білдіреді.

Бұл қағидаттың маңыздылығы мен қажеттілігі мойындалғанына қарамастан, оны іс жүзінде жүзеге асыру, әсіресе статистика саласында дезагрегацияланған деректерді жинау тұрғысынан алғанда, үлкен қиындықтар тудырады.

Жалпы алғанда, 2030 жылға дейінгі Күн тәртібі **табыс деңгейі, жынысы, жасы, нәсілі, этностық тегі, көші-қон мәртебесі, мүгедектігі, географиялық орналасуы және ұлттық жағдайларға** сай келетін басқа да сипаттамалар бойынша деректерді жинауды көздейді.

Айта кету керек, кейбір дезагрегация санаттары жаһандық деңгейде мақсатты индикаторларды мониторингілеу үшін өзекті болса, ал басқалары тек ұлттық деңгейде өзекті болып табылады және тек тиісті елдерде бақылануы тиіс.

Қазақстандағы ОДМ ұлттық көрсеткіштер жүйесіне жүргізілген талдау 2024 жылы 200 жарияланған көрсеткіштің ішінен 104 көрсеткіш немесе 52%-ы кем дегенде бір дезагрегация түріне ие болғанын көрсетті.

79 КӨРСЕТКІШ — ел өңірлері бойынша дезагрегациямен қолжетімді;



Осы бөлімде 2024 жылы ҰСБ мен ЮНИСЕФ-тің бірлесіп, ЮНФПА және АДБ-ның қолдауымен өткізген Көпкөрсеткішті кластерлік зерттеу (MICS) нәтижелері бойынша алынған 20 ОДМ көрсеткіші бойынша талдау ұсынылған.

Талдау Азия және Тынық мұхиты аймағы үшін Экономикалық және әлеуметтік комиссиясы (ЭСКАТО) тарапынан LNOB Platform алгоритмін пайдалану арқылы жүргізілді. Бұл алгоритм – ұлттық репрезентативтік үй шаруашылықтарын зерттеулерді талдайтын және ОДМ көрсеткіштерін халық топтары бойынша бөлетін бақыланатын машиналық оқыту жүйесі.

LNOB Platform алгоритмі адамдардың артта қалуына әкелетін жағдайлар қиылысында ең көп артта қалған және ең алға озған топтарды анықтайды. Бұл жағдайлар жеке сипаттамалармен – жасы, жынысы, білім деңгейі – немесе үй шаруашылығының сипаттамаларымен – тұрғылықты жері, әл-ауқат деңгейі, балалар саны – байланысты болуы мүмкін.

1-кестеде ОДМ көрсеткіштері бойынша ең артта қалған топтар егжей-тегжейлі сипатталып, оларды сипаттайтын жағдайлар қиылысы көрсетілген.

1-кесте. **MICS-2024 көрсеткіштері бойынша ең артта қалған халық топтары**

Көрсеткіш	Әл-ауқат	Жергілікті жер	Жасы	Жынысы	Білімі	5 жасқа дейінгі балалар
Өсудің тежелуі	әл-ауқаты ең төменгі 40% халық				Орта және төмен білім деңгейлері	2-ден көп
Дене салмағының өткір тапшылығы		қала				
Артық салмақ		қала		ер		2-ден көп
Отбасын жоспарлау			15–34			2-ден аз
Орта білімі бар адамдар (20–35 жас аралығында)	әл-ауқаты ең төменгі 40% халық	ауыл				
Балалардың ерте даму индексі (ECDI)	әл-ауқаты ең төменгі 40% халық			ер	Анасының орта және төмен білім деңгейі	
Мектепке дейінгі білім (ECE)	әл-ауқаты ең төменгі 40% халық					
Отбасылық зорлық-зомбылыққа көзқарасы		ауыл	35–49			
Балалар арасындағы некелер (18 жасқа дейін)		ауыл			Орта және төмен білім деңгейлері	
Жыныстық және репродуктивтік денсаулық мәселелерінде саналы шешім қабылдау	әл-ауқаты ең төменгі 40% халық		15–34			
Ұялы телефонға иелік ету (18 жас және одан жоғары)	әл-ауқаты ең төменгі 40% халық	қала			Орта және төмен білім деңгейлері	
Негізгі ауыз суға қолжетімділік	әл-ауқаты ең төменгі 40% халық	ауыл			Орта және төмен білім деңгейлері	
Негізгі санитарияға қолжетімділік		қала			Жоғары білім деңгейі	
Балалар еңбегі		ауыл	8–11	ер		
Банк шотының болуы	әл-ауқаты ең төменгі 40% халық	ауыл			Орта және төмен білім деңгейлері	
Қолайсыз тұрғын үй жағдайлары	әл-ауқаты ең төменгі 40% халық				Орта және төмен білім деңгейлері	
Интернетті қолдану (18 жас және одан жоғары)	әл-ауқаты ең төменгі 40% халық	қала			Орта және төмен білім деңгейлері	

Ескерту: ЭСКАТО есептеулері Қазақстандағы 2024 жылғы Көпкөрсеткішті кластерлік зерттеуге негізделген. Сұр түспен бөлінген ұяшықтар дезагрегация моделіне сәйкес жағдайлардың енгізілмегенін көрсетеді. Электр энергиясы және білікті босану көмек көрсету сияқты баршаға қолжетімді көрсеткіштер талдаудан шығарылған.

Ең артта қалған халық топтарын сипаттайтын жалпы жағдайлардың ең көп таралғандары — тұратын жері мен әл-ауқат деңгейі болып табылады. Әл-ауқаты төмен үй шаруашылықтары (яғни әл-ауқат деңгейі бойынша төменгі 40%-ға кіретіндер), ауылдық жерлерде тұратындар, әсіресе білім деңгейі, негізгі тұщы суға қол жеткізу және банк есепшоттарының болуы сияқты көрсеткіштер бойынша артта қалуға жиі тап болады.


Сонымен бірге, қалалық аудандарда тұратын үй шаруашылықтары да кейбір көрсеткіштер бойынша ең артта қалғандар қатарына жатуы мүмкін. Мысалы, қалалық төмен табысты үй шаруашылықтары ұялы телефондарға және интернетке қол жеткізу көрсеткіштері бойынша артта қалады, ал қалалық үй шаруашылықтарында тұратын балалар басқа топтарға қарағанда өткір дене массасының жетіспеушілігіне (ешпештікке) жиі ұшырайды.


Білім де маңызды фактор болып табылады, алайда оның әсері нақты көрсеткішке байланысты өзгеріп отырады. Мысалы, ауылдық жерлерде тұратын, білім деңгейі төмен және кедей үй шаруашылықтары негізгі тұщы суға қол жеткізу мен банк есепшоттарының болуы көрсеткіштері бойынша артта қалады.

Аз дәрежеде болса да, жыныс пен жас ерекшелігі теңсіздікпен тығыз байланысты, әсіресе балаларға қатысты көрсеткіштерде маңызды рөл атқарады. Мысалы, қалалық аудандарда тұратын 5 жасқа дейінгі ұл балаларда артық салмақтың болуы ықтималдығы жоғары. Сонымен қатар, кедей отбасылардан шыққан 2–4 жас аралығындағы ұл балалар балалықтың ерте даму индексі (ECDI 2030) бойынша ең төменгі нәтижелерді көрсетеді. Балалардың еңбегі де көбінесе ұл балаларды қамтиды, оның ішінде 8–11 жас аралығындағы балаларда бұл құбылыс кең таралған. Әйелдер арасында жас ерекшелігі де маңызды фактор болып табылады. 15–34 жас аралығындағы жас әйелдер отбасын жоспарлау қажеттілігін қанағаттандырмау және жыныстық және репродуктивті денсаулық мәселелерінде саналы шешім қабылдау көрсеткіштері бойынша ең артта қалғандар қатарында. Керісінше, 35–49 жас аралығындағы ауылдық жерлерде тұратын әйелдер белгілі себептер бойынша күйеулерінің зорлығын қабылдау ықтималдығы жоғары.

1-суретте мүмкіндіктер мен негізгі қызметтерді көрсететін 13 ОДМ көрсеткіштері бойынша теңсіздік шолуы берілген. Мақсат — ешкім артта қалмауы үшін әркімге осы қызметтерге қол жеткізу қамтамасыз етілуі тиіс. Ұлттық орташа көрсеткішке (қою сұр шкала) сүйене отырып, 1-суретте ең артта қалған топтардың орташа мәндері (қызыл сары шкала) және ең алға шыққан топтардың орташа мәндері (көк шкала) жеке тұлғалар мен үй шаруашылықтары арасында көрсетілген. Осы екі топ арасындағы алшақтық мүмкіндіктер теңсіздігінің деңгейін көрсетеді.

Мысалы, негізгі тұщы суға, электр энергиясына және білікті акушерлік көмекке қолжетімділік бойынша алшақтық дерлік жоқ, бұл ешкім артта қалмайтынын білдіреді. Сонымен қатар, ұялы телефондарға, банк шоттарына ие болу және негізгі санитарияға қолжетімділік бойынша ұлттық орташа деңгей жоғары болғандықтан, алшақтық азайған. Суретте талданған көрсеткіштердің жартысынан астамы бойынша 2030 жылға дейін универсалды қолжетімділік қамтамасыз етілгені немесе қамтамасыз етілетіні көрсетілген.





1-сурет. Мүмкіндіктерге қолжетімділіктегі ең артта қалған және ең алға шыққан топтар арасындағы алшақтық


Ескерту: ЭСКАТО есептеулері Қазақстандағы 2024 жылғы Көпкөрсеткішті кластерлік зерттеуге негізделген. Барлық нәтижелер сәйкес салмақтар қолданып алынған. Ұлттық орташа көрсеткіштер деректерді өндірушілер ұсынған статистикалық мәліметтермен тексеріліп, салыстырылды. ECDI – балалардың ерте даму индексі, ол 2–4 жас аралығындағы балалардың даму кезеңдеріне сәйкес жас ерекшеліктеріне сай үлесінің мөлшерін көрсетеді.

Қалған көрсеткіштер бойынша ең артта қалған және ең алға шыққан топтар арасындағы алшақтық салыстырмалы түрде елеулі болып отыр. Үй шаруашылықтары деңгейінде өлшенетін мүмкіндіктер арасында ең үлкен алшақтық интернетке қолжетімділікте байқалады. Ең артта қалған топтардың тек 62 пайызы ғана қолжетімділік бар екенін хабарлаған, ал ұлттық деңгейде бұл көрсеткіш 82 пайызды құрайды.

Төмендегі 2-суретте теріс нәтижелерді көрсететін 7 көрсеткішке назар аударылған. Идеалда ешбір жеке адам немесе үй шаруашылығы мұндай кедергілерге немесе кемшіліктерге тап болмауы тиіс. Қазақстанда балалардың қалжырауымен байланысты көрсеткіштерде айырмашылықтар аз. Дегенмен, ең артта қалған топтардағы балалардың 10 пайызына дейін өсуінде кешеуілдік немесе артық салмақ бар.

Әйелдердің үй ішіндегі зорлыққа деген көзқарасын көрсететін көрсеткіште де айтарлықтай айырмашылықтар жоқ. Ал балалардың некеге тұруы, балалар еңбегі және қалалық аудандардағы қолайсыз тұрғын үй жағдайлары бойынша айырмашылықтар үлкенірек байқалады. Ең артта қалған топтарда 5–17 жас аралығындағы балалардың 20 пайызына дейін экономикалық қызметке және/немесе үй шаруашылық міндеттеріне тартылғанын хабарлаған, ал ұлттық деңгейде сол жас аралығындағы балалардың бұл көрсеткіші 7 пайызды құрайды.





2-сурет. Кедергілер көрсеткіштері бойынша ең артта қалған және ең алға шыққан топтар арасындағы алшақтық


Ескерту: Есептер БҰҰ-ның Азия және Тынық мұхиты үшін Экономикалық және әлеуметтік комиссиясы (ЭСКАТО) тарапынан Қазақстанда 2024 жылы жүргізілген Көпкөрсеткішті кластерлік зерттеуге (MICS) негізделген. Барлық нәтижелер тиісті салмақ коэффициенттері қолданылып, өлшенді. Ұлттық орташа көрсеткіштер деректерді ұсынған ұйымдардың статистикалық мәліметтерімен тексеріліп, салыстырылды. Үйдегі зорлық-зомбылыққа көзқарас ОДМ-ның жеке көрсеткіші болып табылмайды, бірақ ол ОДМ 5.2.1 көрсеткішіне кіретін әйелдерге қатысты кез келген зорлық-зомбылықтың маңызды жанама көрсеткіші болып саналады.

2010 жылдан 2024 жылға дейінгі кезеңде Қазақстанда мүмкіндіктерге қолжетімділік бойынша ұлттық орташа көрсеткіштердің өсуі мен ең артта қалған және ең алға шыққан топтар арасындағы алшақтықтың қысқаруы жағынан елеулі прогресс орын алғанына қарамастан, жоғарыда сипатталған алшақтықтар әлі де бар. 3-суретте бұрын қарастырылған көптеген көрсеткіштерге назар аударылған, себебі олар уақыт бойынша, сондай-ақ көрсеткіштердің өзін анықтау мен ең артта қалған топтарды анықтайтын жағдайлардың жиынтығы тұрғысынан салыстырмалы.

Білім саласында, әсіресе балабақша және жоғары білімге қолжетімділік бойынша, ең артта қалған және ең алға шыққан топтар үшін айтарлықтай жақсару байқалады. Айта кетерлігі, 2015 жылы негізінен аз қамтылған отбасылардағы ер адамдардан тұратын топтың орта білімді аяқтау көрсеткіші 2024 жылға қарай өзгеріп, енді аз қамтылған және ауылдық отбасыларда тұратын барлық адамдарды қамтиды.

Цифрлық және қаржылық инклюзия саласында қамту көлемі жоғары өсіп, топтар арасындағы алшақтықты азайту бойынша оң тенденция байқалады. Дегенмен, банк шотын иелену көрсеткіші бойынша әлі де белгілі бір алшақтық бар, оны жою қажет. Ал ауыз суға қолжетімділік көрсеткіші екі топтың біріккен табысты мысалы болып табылады, олар іс жүзінде әмбебап қолжетімділікке жетті.

Тағы бір оң мысал – 5 жасқа дейінгі балалар арасында артық салмақтың таралуының төмендеуі. Қарастырылған кезеңде ең артта қалған және ең алға шыққан топтарда мұндай балалардың үлесі тұрақты түрде азайды, ал 2024 жылы олардың арасындағы айырмашылықтар минималды болды. Дегенмен, ең артта қалған топтағы 5 жасқа дейінгі балалардың 7 пайыздан астамы әлі де артық салмаққа ие. Өсуінің кешігуі және ешпештік көрсеткіштері бойынша 2010-2015 жылдар аралығындағы азаю қарқыны 2024 жылға қарай бәсеңдеді, әсіресе ең артта қалған топтардағы балалар арасында таралуының аздап ұлғаюы байқалады.



3-сурет. Топтар мен көрсеткіштер бойынша мүмкіндіктерге қолжетімділік динамикасы (2010–2024 жж.)

Ескерту: ЕСКАТО есептеулері Қазақстандағы 2010, 2015 және 2024 жылдардағы Көпкөрсеткішті кластерлік зерттеулер деректеріне негізделген. Барлық нәтижелер тиісті салмақтарды қолдана отырып есептелген. Ең артта қалған және ең алғашыққан топтарды анықтайтын жағдайлардың қиылысуы уақыт өте келе өзгеруі мүмкін.


Осы бөлімде ұсынылған эмпирикалық деректер Қазақстан үшін жалпы алғанда оң динамиканы көрсетеді, алайда ОДМ бірқатар көрсеткіштері бойынша айтарлықтай алшақтықтар мен теңсіздіктер сақталатынын ескере отырып, саясатты жедел іске асыру қажеттігін айқындайды. Ел «Ешкім артта қалмасын» мақсатына жету барысында әрбір көрсеткіш бойынша берілген нәтижелер ЕҰШ кейінгі кезеңіндегі секторлық саясатты әзірлеу және жүзеге асыру кезінде бағдар болып, сонымен бірге қол жеткен нәтижелерді тұрақты мониторингтеу мен бағалауға ықпал етуі тиіс.



3. ҚАЗАҚСТАНДА 8 БАСЫМ ОРНЫҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫНЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ

МАҚСАТ 1. Кедейлікті оның барлық нысандарында жаппай жою

1.2 2030 жылға қарай ұлттық анықтамаларға сәйкес қайыршылық жағдайында өмір сүретін барлық жастағы ерлердің, әйелдердің және балалардың үлесін кем дегенде жартысына азайту



1.3 Ең төменгі деңгейлерді белгілеуді қоса алғанда, барлығына арналған тиісті жүйелер мен әлеуметтік қорғау шараларын ұлттық деңгейде енгізу және 2030 жылға қарай халықтың кедей және осал топтарын елеулі қамтуға қол жеткізу

1.3.1 Балаларды, жұмыссыздарды, қарттарды, мүгедектерді, жүкті әйелдерді, жаңа туған нәрестелерді, еңбек жарақатын алған адамдарды және кедейлер мен осал адамдарды бөле отырып, жынысы бойынша бөліністегі әлеуметтік қорғаудың ең төменгі деңгейімен/жүйелерімен қамтылатын халықтың үлесі %







Атаулы әлеуметтік көмек



Өндірістік жарақат бойынша жәрдемақы



Кемінде бір әлеуметтік қорғау жәрдемақысын алатын халықтың үлесі




1.4 2030 жылға қарай барлық ерлер мен әйелдердің, әсіресе аз қамтылған және осал топтағы адамдардың экономикалық ресурстарға тең құқықтары болуын, сондай-ақ микроқаржыландыруды қоса алғанда, базалық қызметтерге, жерді және меншіктің басқа да нысандарын иеленуге және билік етуге, мұраға қалдырылған мүлікке, табиғи ресурстарға, тиісті жаңа технологиялар мен қаржылық қызметтерге қол жеткізуін қамтамасыз ету



1.4.2 Жерді иеленетін ересек халықтың үлесі (меншік иелері мен жер пайдаланушылардың саны)


%



1.a Әртүрлі көздерден маңызды ресурстарды жұмылдыруды қамтамасыз ету, оның ішінде дамушы елдерге, әсіресе аз дамыған елдерге қайыршылықтың барлық түрлерін жою жөніндегі бағдарламалар мен стратегияларды жүзеге асыру үшін жеткілікті және болжамды қаражат ұсыну үшін даму мақсатында ынтымақтастықты жандандыру негізінде

1.a.2 Мемлекеттік шығыстардың жалпы сомасындағы негізгі қызметтерге (білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау) арналған шығыстардың үлесі

%



Код	ОДМ көрсеткіші	Өлшем бірлігі	Дезагрегация	2015	2018	2024
1.1	2030 жылға қарай бүкіл әлемдегі барлық адамдар үшін қайыршылықты жою (қазіргі уақытта қайыршылық күніне 1,25 АҚШ долларынан аз сомаға күн көру ретінде айқындалады)					
				3,2 доллар		
			барлығы	0,2	0,1	0,0
			ерлер	0,2	0,2	0,0
			әйелдер	0,1	0,2	0,0
			қала	0,0	0,1	...
			ауыл	0,3	0,2	0,0
				5,5 доллар		
			барлығы	4,3	4,4	0,3
			ерлер	4,4	4,8	0,3
			әйелдер	4,2	4,6	0,3
			қала	2,2	2,3	0,3
			ауыл	7,1	7,3	0,3
				6,8 доллар		
			барлығы	1,4
			ерлер	1,5
			әйелдер	1,3
			қала	1,1
			ауыл	1,9
1.5.1	Сатып алу қабілеттілігінің тепе-теңдігі бойынша табысы: САҚТТ бойынша күніне 3,2; 5,5; 6,85 АҚШ долларынан кем халық үлесі	%				
1.5	2030 жылға қарай аз қамтылған және осал топтағы адамдардың өмірге төзімділігін арттыру және климаттың өзгеруінен туындаған экстремалды құбылыстар мен басқа да экономикалық, әлеуметтік және экологиялық күйзелістер мен зілзалалар алдындағы олардың қорғалмауы мен осалдығын азайту					
1.5.1	Табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар нәтижесінде зардап шеккендер мен қаза тапқандар саны	100 000 адам	зардап шеккендер	0,05	0,044	0,09
			қаза тапқандар	0,00	0,005	0,04
1.5.2	Төтенше жағдайлардан келтірілген залалдың сомасы	млн. теңге	табиғи сипаттағы	5053,5	1219,6	16778,4 (2023)
			техногендік сипаттағы	3656,7	4 015,0	5948,8 (2023)
1.b	Ұлттық, өңірлік және халықаралық деңгейлерде қайыршылықты жою жөніндегі іс-шараларға жедел инвестициялауға жәрдемдесу үшін кедейлік мүдделері мен гендерлік аспектілерді ескеретін даму стратегиялары негізге алынатын сенімді стратегиялық тетіктерді құру					
1.b.1	Әлеуметтік қорғауға арналған мемлекеттік шығыстардың жалпы бюджетке пайызбен	%		20,0	23,4	19,4


МАҚСАТ 3. Салауатты өмір салтын қамтамасыз ету және кез келген жаста барлығының амандығына жәрдемдесу

3.1 2030 жылға қарай ана өлімінің жаһандық коэффициентін 100000 тірі туғандарға шаққанда 70-тен кем жағдайға дейін төмендету

3.1.1 Ана өлімінің коэффициенті 100 000 тірі туылғандарға шаққанда




3.1.2 Білікті медицина қызметкерлерімен қабылданған босанулар үлесі




3.2 2030 жылға қарай жаңа туған нәрестелер мен бес жасқа дейінгі балалардың алдын алуға болатын өлімін тоқтату. Бұл ретте барлық елдер неонаталдық өлімді 1000 тірі туғандарға шаққанда 12 жағдайдан асырмай, ал бес жасқа дейінгі өлім-жітімді 1000 тірі туғандарға шаққанда 25 жағдайдан асырмай азайтуға ұмтылуы тиіс

3.2.1 Бес жасқа дейінгі балалардың өлім коэффициенті 1000 туылғандарға шаққанда



3.3 2030 жылға қарай ЖҚТБ, туберкулез, безгек және тиісті көңіл бөлінбейтін тропикалық аурулардың індеттерін тоқтату және гепатитке, су арқылы берілетін ауруларға және басқа да жұқпалы ауруларға қарсы күресті қамтамасыз ету

3.3.1 Жұқпа жұқтырмаған 1000 адамға АИТВ-ны жаңа жұқтырғандар саны, жынысы, жасы және халықтың негізгі топтарына тиесілігі бойынша бөліністе жұқтырмаған 1000 адамға




3.3.2 Туберкулезбен ауыру 100 000 адамға шаққанда



3.4 2030 жылға қарай профилактика және емдеу, психикалық денсаулық пен саулықты сақтау арқылы инфекциялық емес аурулардан болатын мезгілсіз өлімді үштен бірге азайту


3.4.1 Жүрек-қан тамырлары ауруларынан, обырдан, диабеттен, созылмалы респираторлық аурулардан өлім-жітім**



3.6 2020 жылға қарай бүкіл әлемде жол-көлік оқиғаларынан болатын өлім мен жарақат санын екі есе азайту


3.6.1 Жол-көлік оқиғалары салдарынан болатын өлім-жітім**

100 000 тұрғынға шаққанда



3.8 Денсаулық сақтау қызметтерімен жаппай қамтуды, оның ішінде қаржылық тәуекелдерден қорғауды, сапалы негізгі медициналық-санитариялық қызметтерге қол жеткізуді және барлығына қауіпсіз, тиімді, сапалы және арзан негізгі дәрілік заттар мен вакциналарға қол жеткізуді қамтамасыз ету

3.8.2 Жалпы денсаулық сақтау шығындарының құрылымындағы қалта шығындарының үлесі %



3.с Денсаулық сақтауды қаржыландыру мен жиынтықты айтарлықтай ұлғайту, дамушы елдерде, әсіресе аз дамыған елдерде және шағын аралдық дамушы мемлекеттерде медициналық кадрларды кәсіптік даярлауды дамыту және ұстау

3.с.1 Халықтың жан басына шаққанда медицина қызметкерлерінің саны және оларды бөлу 1000 тұрғынға шаққанда




дәрігерлермен қамтамасыз етілу (тіс дәрігерлерінсіз)

орта медицина қызметкерлерімен қамтамасыз етілу

стоматологтармен қамтамасыз етілу (тіс техниктерін қоса алғанда)

фармацевтикалық қызметкерлермен қамтамасыз етілу (провизорларды қоса алғанда)



Код	ОДМ көрсеткіші	Өлшем бірлігі	Дезагрегация	2015	2018	2024
-----	----------------	---------------	--------------	------	------	------

3.2 2030 жылға қарай жаңа туған нәрестелер мен бес жасқа дейінгі балалардың алдын алуға болатын өлімін тоқтату. Бұл ретте барлық елдер неонаталдық өлімді 1000 тірі туғандарға шаққанда 12 жағдайдан асырмай, ал бес жасқа дейінгі өлім-жітімді 1000 тірі туғандарға шаққанда 25 жағдайдан асырмай азайтуға ұмтылуы тиіс

3.2.2	Неонаталдық өлім коэффициенті	1000 туылған-дарға шаққанда	барлығы	5,61	4,57	3,37
			қала	6,23	4,88	3,24
			ауыл	4,78	4,11	3,57
			ұлдар	6,42	5,31	3,61
			қыздар	4,76	3,78	3,12

3.3 2030 жылға қарай ЖҚТБ, туберкулез, безгек және тиісті көңіл бөлінбейтін тропикалық аурулардың індеттерін тоқтату және гепатитке, су арқылы берілетін ауруларға және басқа да жұқпалы ауруларға қарсы күресті қамтамасыз ету

3.3.1.1	Инъекциялық есірткіні тұтынушылар қатарынан жаңадан анықталған АИТВ саны	адам		768	877	529
---------	--	------	--	-----	-----	-----

3.3.4	В гепатитімен ауыру, 100 000 адамға шаққанда	100 000 адамға шаққанда		0,95	0,58	0,19
Код	ОДМ көрсеткіші	Өлшем бірлігі	Дезагрегация	2015	2018	2024
3.4	2030 жылға қарай профилактика және емдеу, психикалық денсаулық пен саулықты сақтау арқылы инфекциялық емес аурулардан болатын мезгілсіз өлімді үштен бірге азайту					
			барлығы	16,66	13,34	7,21
3.4.2	Өзіне-өзі қол жұмсаудан өлім-жітім*	100 000 адамға шаққанда	қала	13,59	12,31	5,72
			ауыл	20,82	14,79	9,72
			ерлер	28,14	23,00	12,42
			әйелдер	5,93	4,27	2,24
3.5	Психоактивті заттарға тәуелділіктің алдын алу мен емдеуді жақсарту. Оның ішінде есірткі заттар мен алкогольді пайдалану					
3.5.1	Психоактивті заттарды түрлері бойынша (алкоголь, есірткі) қолдану салдарынан психикалық және мінез- құлықтық бұзылулармен сырқаттанушылық	100 000 тұрғынға шаққанда	алкоголь тұтынудың салдарынан	184,8	79,4	51,7
			есірткі заттарды қолданудың салдарынан	30,7	20,1	11,6
3.5.2	Халықтың жан басына (15 және одан жоғары жастағы) шаққанда алкогольді тұтынуы, күнтізбелік жылда таза спирттің литрінде	таза спирттің литрінде	барлығы		4,52 (2019)	
			ерлер		8,06 (2019)	
			әйелдер		1,43 (2019)	
3.7	2030 жылға қарай сексуалдық және репродуктивтік денсаулықты қорғау жөніндегі қызметтерге жалпыға бірдей қол жеткізуді қамтамасыз ету, оның ішінде отбасын жоспарлау қызметтері, ақпараттандыру және ағарту және ұлттық стратегиялар мен бағдарламаларда репродуктивті денсаулықты қорғау мәселелерін есепке алу					
3.7.1	Отбасын жоспарлау бойынша қажеттіліктері қазіргі заманғы әдістермен қанағаттандырылатын ұрпақты болу жасындағы (15-тен 49 жасқа дейінгі) әйелдердің үлесі	%	барлығы	55,7		69,2
			ерлер	55,8		69,1
			әйелдер	55,6		69,4
				10-нан 14 жасқа дейін		
3.7.2	Жасөспірім қыздар арасындағы туу көрсеткіші (10-нан 14 жасқа дейін; 15-тен 19 жасқа дейін), сол жас тобындағы 1000 жасөспірім қызға шаққанда	сол жас тобындағы 1 000 жасөспірім қызға шаққанда	барлығы	0,03	0,02	0,02
			қала	0,04	0,03	0,02
			ауыл	0,03	0,01	0,03
				15-тен 19 жасқа дейін		
			барлығы	29,73	24,09	16,67
			қала	26,67	21,34	12,96
			ауыл	32,85	27,08	21,78
3.7.2.1	Жасөспірімдер арасындағы жасанды түсік саны (14 жасқа дейін, 15-18 жасқа дейін)	оқиға	14 жасқа дейін	27	27	16
			15-18 жаста	1069	1237	1051

Код	ОДМ көрсеткіші	Өлшем бірлігі	Дезагрегация	2015	2018	2024
3.8	Денсаулық сақтау қызметтерімен жаппай қамтуды, оның ішінде қаржылық тәуекелдерден қорғауды, сапалы негізгі медициналық-санитариялық қызметтерге қол жеткізуді және барлығына қауіпсіз, тиімді, сапалы және арзан негізгі дәрілік заттар мен вакциналарға қол жеткізуді қамтамасыз ету					
3.8.1	Негізгі медициналық-санитариялық қызметтермен қамту	индекс		79 (2017)	82 (2019)	80 (2021)
3.9	2030 жылға қарай қауіпті химиялық заттардың және ауаның, су және топырақтың ластануы мен улануының салдарынан өлім мен аурудың санын айтарлықтай азайту					
			барлығы	3,75	2,70	0,75
3.9.3	Байқаусызда уланудан болатын өлім-жітім**	100 000 тұрғынға шаққанда	қала	3,96	2,80	0,41
			ауыл	3,46	2,56	1,32
			ерлер	5,27	3,78	0,81
			әйелдер	2,33	1,68	0,69
3.9.2	Қауіпсіз судың, қауіпсіз санитария мен гигиенаның (сумен жабдықтау, барлығы үшін санитария және гигиена (СЖСГ) саласында қауіпсіз қызметтердің болмауынан) болмауынан болатын өлім-жітім*	100 000 тұрғынға шаққанда	барлығы	0,67	0,83	0,75
			қала	0,71	0,62	0,41
			ауыл	0,62	1,12	1,32
			ерлер	0,58	0,81	0,81
			әйелдер	0,59	0,59	0,69
3.а	Қажет болған жағдайда барлық елдерде темекіге қарсы күрес жөніндегі Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының негіздемелік конвенциясын жүзеге асыруды жандандыру					
3.а.1	15 жастан асқан адамдардың темекіні тұтынуының жасы бойынша стандартталған таралуы	%	барлығы	22,9	21,5	
			ерлер	43,4	38,3	
			әйелдер	4,5	6,4	
3.б	Ең алдымен дамушы елдерге әсер ететін жұқпалы және жұқпалы емес ауруларды емдеуге арналған вакциналар мен дәрі-дәрмектерді зерттеу мен әзірлеуге жәрдем көрсету, дамушы елдердің халықтың денсаулығын қорғау мақсаттары үшін икемділік танытуға қатысты Зияткерлік меншік құқықтарының сауда аспектілері жөніндегі Келісімнің ережелерін толық көлемде пайдалану құқығы расталатын “ТРИПС және қоғамдық денсаулық сақтау жөніндегі келісім” Доха декларациясына сәйкес қымбат емес негізгі дәрілік заттар мен вакциналардың қол жетімділігін қамтамасыз ету, атап айтқанда, барлығы үшін дәрілік заттарға қол жеткізуді қамтамасыз ету					
3.б.1	Ұлттық бағдарламаларға енгізілген барлық вакциналармен иммунизациялаумен қамтылған халықтың нысаналы тобының үлесі	%	АҚДС (3 доза)	98,2	97,8	95,3
			Қызылшаға қарсы вакцина (2 доза)	97,9	98,3	98,0
			Пневмококкқа қарсы конъюгатталған вакцина (3 доза)	98,4	98,4	92,5
			Адам папиллома вирусына (АПВ) қарсы вакцина	73,7	95,5	89,7
3.б.3	АДҚ кезінде пациенттердің жалпы санынан дәрілік препараттармен қамтамасыз етілу үлесі	%		55,0	61,0	99,0

** 2015 жылдан бастап деректер Қазақстан Республикасының жаңа облыстарының құрылуына байланысты қайта есептелді

МАҚСАТ 5. Гендерлік теңдікті қамтамасыз ету және барлық әйелдер мен қыздардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту

5.1 Барлық әйелдер мен қыздарға қатысты кемсідудің барлық нысандарын жаппай жою

5.1.1

Жыныстық белгісі бойынша теңдікпен кемсітпеушілікті көтермелеу және қамтамасыз ету және осы саладағы жағдайды бақылау үшін нормативтік – құқықтық базаның болуы немесе болмауы



